

## **Іле аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2021 жылғы 9 шілдедегі № 10-35 шешімі "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Іле аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Іле аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" 2014 жылғы 10 ақпандағы № 28-132 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2615 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Іле аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 ақпандағы "Іле аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 28-132 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2740 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Іле аудандық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы*

*А. Иманбеков*